

егемен

Развештан

Несіпбай А.

Құлпырған , қанаттанған Қарағанды

Мемлекет басшысының биыл облысқа жасаған бұл үшінші жұмыс сапары болды. Қазір қарқынды даму үстіндегі өнеркәсіпті өңірдегі өзгерістер жұртты сүйсінтіп-қуантарлықтай-ақ. Нұрсұлтан Назарбаев соның біразына тікелей куәгер. Осыдан төрт-бес ай бұрын ғана келгенде Қарағандыда Бұқар жырау ескерткішінің ашылуына, Теміртауда сортты прокат өндірісінің іске қосылуына қатысып, “Арселор Миттал Теміртау” АҚ басшыларымен еліміздің экономикасында орны бөлек компанияның жаңа жұмыс жобалары жайлы кеңес өткізген болатын. Елбасын аймақ осы жолы да өз өміріндегі елеулі оқиғалармен, жағымды жаңалықтармен қарсы алды.

“Сарыарқа” әуежайы әрдайым ашық

Бұдан біраз жыл бұрын салынған бұл әдемі әуежайды өтпелі кезеңнің қиындығы шарпымай өтпеген-ді. Әуе қатынасы қысқарып, республикалық, халықаралық рейстер саны күрт азайған шақта қаңырап бос тұруы жиіледі. Ол кезде оны сақтап қалудың сан жолдары қарастырылғанда әуелде иемденуге емеурін танытушылар райларынан тез қайтып, әуре-сарсаңға салып та баққаны бар. Әйткенмен олар тайсақтаған іске өзіміздің бел байлаушылар мықты болып шықты. Жаңадан құрылған “Сарыарқа” әуежайы” АҚ айналасы үш-төрт жылдың ішінде оны ұшақтардың бірі қонып, бірі ұшып жататын орынға айналдырды. Бүгінде ішкі әуе тасымалын былай қойғанда, жолаушылардың Ресей, Қытай, Германия, Түркия, Тайланд, Біріккен Араб Әмірліктеріне ұшуға мүмкіндіктері кең. Ол Шығыс пен Батысты жалғастырушы Орталық Азия аймағындағы халықаралық ірі транзитті әуе бекеті ретінде танылып келеді.

Президент Н. Ә. Назарбаев жұмыс сапарын алдымен әуежайдың ғимаратымен танысудан бастады. “Сарыарқа” әуежайы” АҚ басшысы Дәулет Хамзин мұнда атқарылып жатқан істер жайлы макет-үлгіні көрсете тұрып егжей-тегжейлі баяндады. Ол түсіндіргендей, тындырылғаны зор бола тұра, тындырылмағы одан да үлкен екен. Соңғы екі жылда ұзындығы 3600 метр ұшу-қону жолтабаны толық жөнделсе, қазіргі заманғы карго-терминал құрылысы аяқталып, жанар-жағармай кешені кеңейтілген. Жолаушыларға мінсіз қызмет көрсету үшін

барлық жағдай жасалған. Қазір халықаралық стандарттар талабына сай әуежай болып танылып отыр. Әуе кемелерінің барлық түрлеріне ИКАО-ның бірінші санаты бойынша қызмет көрсетуге қол жеткізілуі келешегінен үміт күттіреді. Оның өткізгіштік қабілеті жылына 2,5 миллион жолаушыны және 40 мың тоннадан астам жүкті жөнелтуі шектеулі меже емес. Ұлыбританияның “МК Эйрланс”, Германияның “Люфтганза”, Люксембургтің “Карго Люкс”, Ресейдің “Аэрофлот Карго” сияқты аса ірі жүк тасымалдаушылармен жасалған келісімдер құлашына кең серпін бермек.

Елбасы оң өзгерістерді қолдап, ризашылық білдірді. Әрқашан ашық әрі қонақжай болуға ұмтылыс – Қарағанды бас әуе қақпасы мерей тұтқан мақсат.

Үйі бардың күйі жақсы

Мемлекет басшысы бұдан кейін қаланың “Гүлдер” шағын ауданында бой көтерген 352 пәтерлі ипотекалық тұрғын үйге келді. Оған бюджеттік сала қызметкерлері, дәрігерлер мен мұғалімдер қоныстанған. Шаршы метрі 420 долларды құрап, қолжетімді болғанына қоныстанушылар алғыстарын жаудырып, жұрт көңілін өсірген бағдарламаның әсіресе, облыста орындалысына разылықтарын сездірді.

Шынында, бұл бағыттағы жетістіктер разы болса боларлықтай. Тұрғын үй кезегінде тұрғандарды баспанамен қамтамасыз ету ойдағыдай жүзеге асырылып келеді. Осы салаға тартылған инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге өсіп, 13 миллиард теңгеге жетті. Құрылыс қарқыны биыл одан сайын шарықтап, республикалық бюджеттен бөлінген 3 миллиард 170 миллион теңге он айда толық игерілді. 409 мың шаршы метр үй пайдалануға берілді. Мұның өзі мемлекеттік бағдарламада белгіленген тапсырма асыра орындалды деген сөз. Ал бұған қоса ипотекалық тұрғын үйлерді салу жоспары 3 есе артық орындалғанын айтқанда іс ауқымы айқын сезіледі.

Президентке баяндалғандай, “100 мектеп, 100 аурухана” бағдарламасы аясында атқарылған істер де ауыз толтырып айтарлықтай. Қарқаралы, Осакаров аудандары орталықтарында осы замандық талап-талғамға сай шаңырақ көтерген ауруханалар, Абай қаласында отау тіккен мектеп солардың алғашқы қарлығаштары қатарында. Жалпы алғанда, қазіргі таңда құрылыстары бел ортадан асқан 5 білім беру, 7 денсаулық сақтау нысандарының тоғызы жоғарыда аталған бағдарлама бойынша жүзеге асырылуда.

Елбасы қоныстанушыларды Құрбан айт күнімен құттықтап, Алланың нұрына бөленулеріне тілек білдірді.

– Осының бәрі халықтың игілігі үшін жасалып жатқан жақсылықтар. Қазір әлемдік қаржы дағдарысы бізге де килігіп тұрғаны рас. Еліміз жана тарихында мұндай қиындықтарды бірінші рет бастан кешіп отырған жоқ. Ең күрделі сындардан өттік. Қазақстанның бұл жолғы сынақта да сыр танытпауына бағытталған өзіндік жолы бар. Бастысы бірлік, тұтастық – халқымызды берекеге бастайтын қасиетті күш, – деді Елбасы. Н.Ә. Назарбаев бұдан соң қуаныш иелерінің пәтерлерін аралап көрді. Солардың бірі дәрігер Жанат Қалқабаевтың отауы еді. Мұғалім келіншегі Мәдина екеуі құттықтауға соққан мәртебелі мейманға қос бүлдіршіндерін құшақтай, шаттықтарына шаттық қосыла тұрып, қоныастары атынан ақ алғыстарын жаудырды.

Отандық фармацевтика орталығы

Мемлекет басшысының Қарағандыға жұмыс сапарлары кезінде ат басын арнайы жиірек бұрыңқырайтын орны “Фитохимия” ғылыми-өндірістік орталығы болып табылады. Ол жеке отау көтерген осыдан он екі жыл бұрынғы шақтан бері Елбасы орталыққа төртінші рет келіп отыр. Содан бергі уақытта мұнда өркен жайған іргелі ғылыми ізденістер, отандық дәрі-дәрмектер өндірісіндегі жетістіктер ең алдымен Президенттің тікелей қамқорлығы арқасында екенін орталық ғалымдары мен мамандары орынды мақтаныш тұтады.

Бүгінде қатерлі ісікке қарсы қолданудағы шипалық қасиетімен алысқа танымал “Арглабин” препаратымен қатар, жергілікті өсімдіктерден жасалатын дәрілердің де түр-түрі ұлғайған. Елбасының мұның алдындағы кездесуде айтқан ұсыныс-пікірлеріне орай отандық фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға қатысты бірқатар тапсырмалары толығынан орындалды. Атап айтқанда, Қарағандыда фармацевтикалық республикалық қанатқақты кластер құру, бірегей экспортқа бағытталған фитопрепараттардың өндірісін жасау, фармацевтикалық кешеннің 2-ші кезегінің құрылысын салу іске асырылды. Айта кету керек, аталған кешеннің 1-ші кезегі де Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша салынған болатын. Онда “Арглабиннің” 400 мыңнан астам ампуласы шығарылды. Елбасын “Фитохимия” ҒӨО директоры, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серғазы Әдекенов фармацевтикалық кешеннің іске қосылған 2-ші кезегінің жабдықталуымен, жұмысымен таныстырып шықты. Оның өндірістік қуаты бәсекеге қабілетті фитопрепараттар 43 түрінің жылына 2 миллион ампуласын, 150 миллион таблеткасы мен капсуласын және 2 миллион жұмсақ дәрілік түрлерін шығаруға мүмкіндік беретіндігі аталды. Мақсат-міндет

мұнымен де шектеліп отырған жоқ көрінеді. Келесі жылы 3-ші кезегін салу жобаланған. Онда дәрі-дәрмек заттары стандарттық үлгілерінің республикалық банкі орналастырылады. Сол арқылы биологиялық белсенді қосылыстар мен бөгде қоспалардың мемлекеттік стандартты үлгілері тіркеліп, сақталуы қамтамасыз етіледі. Мұндай жүйе өз өнімдерімізбен бірге сырттан әкелінетін препараттар сапасын қатаң бақылауға алуды шешпек.

Орталық ғалымдары ғылыми ізденісті шетелдік әріптестерімен бірлесе жүргізе білуді де жақсы жолға қойған. Нұрсұлтан Назарбаев дәрілік препараттарды субстанциялау синтезі және экстракция цехын аралар алдында солардың бір тобымен әңгімелесті.

АҚШ-тың Хьюстон штатындағы “Лабор Ликс Америка” компаниясының директоры Роберт С. Томас Қазақстандағы осынау ғылыми-өндірістік орталықтың ізденістерін жоғары бағалай келе, соның негізінде химиялық-фармацевтикалық халықаралық холдинг құру туралы ұсыныс айтты. Оның пікірінше, бұл, бір жағынан, орталықтың жұмыс ауқымын кеңейтіп, беделін көтерсе, сондай-ақ төл фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға шетелдерден инвестиция тартуға, жаңа технологияларды енгізуге жол ашады. Ал Германияның Лангенау қаласындағы “Альфа Хром” компаниясының директоры Томас Пфайффер қазақ даласының дәрілік заттар шығаруға лайық табиғи өсімдіктерге бай екенін атап, бұл мүмкіндікті пайдалану қажеттігіне назар аудартты. Осыған байланысты жасалған арнаулы ғылыми бағдарламаның Білім және ғылым министрлігі тарапынан тезірек қаралуын тілек етті.

Сәкен сәніндей театр

Қарағандыдағы қазақ драма театрының осы күнге дейін жеке ғимараты болмай келді дегенге біреулер сенсе, біреулер сенбес. Өкінішке қарай, солай болғаны шындық. Өткен ғасырдың 32-ші жылы құрылған бұл өнер ұжымының бастапқыдағы өз алдына бөлек шаңырағы ескіргеннен кейін орыс театры екеуі ортақ ғимаратқа еншілес орналасқан-ды. Содан бергі елу жылда одан бөлініп шығып, оңаша отау тігу мәселесі сан көтеріліп келген еді. Бірақ әртүрлі сылтаулар желеу етіліп, кейінге ысырыла берді. Ел тәуелсіздікке жеткен шақта ғана істің сәті түсуге айналды. Айта кеткен жөн, оны созбалаңға сала бермей, жергілікті өнерсүйер қауымның көптен бергі тілегін орындауды облыс әкімі Нұрлан Нығматулин бұдан үш жыл бұрын қызметіне кіріскен күннен бастап алға қойған болатын.

Елбасы бұл бастамашылықты қолдап, осыдан екі жыл бұрынғы облысқа жұмыс сапары кезінде театрдың салынатын жаңа ғимаратының алғашқы кірпішін қалауға қатысты. Сонда оның үш жылдан соң ашылуы жобаланғаны есте. Алайда ынта-ниет қоя ма, екі жылға жетер-жетпес уақытта сән түзеп үлгерді.

Қаланың ең көрнекті төрінде көркі жарасты.

Мемлекет басшысы театр алдына орнатылған Сәкен Сейфуллин ескерткіші түбіне гүл шоқтарын қойып, әсем ғимараттың табалдырығын аттаған бетте шамдары жарқыраған іші одан сайын сәулеленіп сала берді.

Сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған театрдың 705 орындық үлкен және 200 орындық кіші залдарын, холлдарын аралап көрді.

Бұдан соң сахна төріне аяқ басқан Нұрсұлтан Назарбаевты жиналғандар орындарынан дүр көтеріле ұзақ қол шапалақтап қарсы алды.

– Қарағандылықтар қуанышы маған да ортақ қуаныш. Мынадай ғажайып өнер ордасымен құттықтаймын. Елдің, мемлекеттің мерейін өсіретін күш – рухани байлық. Изгілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін киелі орта – театр. Мұнда ұлттық салт-дәстүрімізді, тарихымызды жарқыратып көрсетер қойылымдармен қатар, бүгінгі өміріміздегі өзгерістерді бейнелейтін туындылардың көрермендерге ұсынылуын қалар да едік, – деп Елбасы жас ұрпақ көкірегіне жоғары мәдениеттілік пен тәлімді тәрбие сіңірудің жарқын үлгісіне айналсын деген жүрекжарды тілегін білдірді.

Театрдың ашылу салтанатына орай дайындалған Мұхтар Әуезовтің әйгілі “Айман – Шолпан” спектаклінің жаңа қойылымын жергілікті көрермен қауыммен бірге тамашалады.

Абай ескерткіші асқақтады

Елбасы екінші күнгі жұмыс сапарын ұлы ақынның ескерткіші ашылуы рәсіміне қатысумен жалғастырды. Мұның алдында Бұқар жырау, академик Бөкетов тұлғалары тұрғызылған қала келбеті бұдан былай қарай одан әрі асқақтай, қарағандылықтар көңіліне мақтаныш ұялатып тұратын болады. Шаһар тұрғындарының сүйсіне демалатын жасыл желекке малынған тұсында, айналасына әсем әуен төгіліп жататын “Шалқыма” концерт залының қақ алдында орнатылған биіктігі 5 метр данышпан ойшылдың кеудесіне кітап қысқан бейнесі қоладан құйылған. Мүсінші Асқар Нартов, сәулетші Ерлан Шахиев және суретші Мақаш Әлиақпаровтың шығармашылық ынтымақтастығынан дүниеге келген ескерткіш өзіндік сәулеттік ерекшелігімен көз тартады.

Қарағандының рухани жүрегі енді осы жер болу керектігін, осы жерде соғуы керектігін атап өткен Президент Абай өлеңдеріне жас ұрпақты үңілдірудің, Абай қағидаларын жеткіншектер бойына сіңірудің маңыздылығын кестелі тілмен жиналғандар жүрегіне жеткізе ұқтырды. Абайдың айтып, тілек еткен арманы халықтың мызғымас бірлігіне, ұйымшылдығына, бауыр-малдығына беріктікті қастер тұту мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы бола бермектігін атап көрсетті. Ел болуды, қазақтың қатардан қалмауын аңсаған Абай арманы орындалды. Ақын өлеңдері, ойы халықпен жасай береді. Оны зердеге қондырып, көкірекке түйю бүгінгі ұрпақ өміріне үлкен өнеге болу қажет, деп түйіндеді сөзін Елбасы.

Жиналғандар атынан сөз алған Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті филология факультетінің деканы Мұхамедқали Әбдуов, мұғалім Наталья Чернышенко Абай ескерткішінің орнатылуына алғыс сезімдерін жеткізді.

Сирек өнім өндіруге де қол жетті

Мемлекет басшысы бұдан соң металлургиялық кремний зауытының іске қосылуына қатысты. “Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы” бағдарламасы қатарына кірген бұл серпінді стратегиялық жоба екі жылға жетер-жетпес уақытта жүзеге асырылды. Еліміз экономикасын еңселендіруге, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік беретін жаңа тұрпаттағы өндіріс өнімі алюминий, химия, авиация салаларында кеңінен қолданылуымен өтімді болмақ. Мамандардың болжамы бойынша, таяу арада оған сұраныс 5-10 есе артады. Ал мұндай кәсіпорын әзірге әлемде өте сирек болып отырғанда Қазақстанның көп елден оза, оны құрып үлгеруі ертеңіні ерте ойлаудың нақты айғағы.

Өндіріс жұмыс істеуге көшкен күннен бастап алдында үлкен міндет тұр. Ай сайын 2 мың тонна кремний өндіру, оны жылына 25 мың тоннаға жеткізу жобаланған. Осы өнімнің басым бөлігі экспортқа шығаруға бағытталған. Сондықтан Майқұдықтың Көкпектіге құлай беріс бауырында орын тепкен зауытты еліміздің өтімді өнім өндіруге бет бұрудағы алғашқы қарлығаштарының бірі деуге болады.

Кәсіпорынның дәл қазіргідей әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде ашылуы ел әлеуетін танытады. Ол қарағандылықтардың бір тобының жұмысқа тартылуымен де қуанышты оқиға саналады. Бүгінде 400 адам онда еңбек етуге кіріссе, бірер жылда тағы 1100 жұмыс орны ашылмақ. Бұлардың біразы Қарағанды мен Теміртаудың техникалық жоғары оқу орындарының, кәсіптік мектептерінің түлектері. Кремний өндірісі үшін

шикізат ретінде Ұлытау ауданындағы Ақтас және Ақшоқы кен орындарындағы кварц пайдаланылады. Бұл алыс аймақ тұрғындарының да еңбекпен қамтылуына мүмкіндік ашқалы тұр.

Президент Н.Ә. Назарбаев алдына осындай жайларды жайған жаңа өндіріс басшылары оның жұмыс үдерісін де таныстырып өтті. Жоғары технологиялық қондырғылар басқаруға жеңіл әрі істі сапалы атқаруға қолайлы.

Міне, күткен сәт те туды. Елбасы операторлық бөлмедегі арнаулы пультті басқан бетте 1-ші және 2-ші пештерге дем бітіп қоя берді.

– Сіздермен бірге зауыттың іске қосылуына қатысып тұрғанымға қуаныштымын, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы жұмысшылармен кездесу кезінде сөйлеген сөзінде, – осы сәттегі оқиғаның Қарағанды ғана емес, бүкіл Қазақстан үшін маңызы зор. Мұндай кәсіпорындар әлемде аз. Біз соның бірін сала білдік. Белгілі себептерге карамастан, белгіленген мерзімінен бұрын іске қосылды. Отандық өндірушілердің экспорттық бағыттағы өтімді өнімдердің жаңа түрлерін жасауды игеруі үшін мемлекеттік қолдауға үлкен мән беріледі.

Ұжым мүшелері атынан сөйлеген жұмысшы Сайран Жәбдіков қазіргідей қиын кезеңде алыс-жақында тендесі жоқ өндірістің пайда болуы еліміздің күш-қуаты нығаюының жарқын дәлелі екеніне тоқталып, осының бәрі Елбасының салиқалы саясатыңыздың нәтижесі деп білеміз, деді.

Мемлекет басшысы облысқа жұмыс сапары соңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне сұхбат берді. Аймақтағы өркенді өзгерістерге көңілі толатындығын білдіріп, биылғы Жолдауда алға қойылған міндеттер мен жеке тапсырмаларының ойдағыдай орындалып жатқанын, ел экономикасын дамытуда облыстың көшбасшылық рөлін сақтап, алға баса түскенін атап көрсетті.

Авторы: Айқын НЕСІПБАЙ, Қарағанды. Суреттерді түсіргендер С.БОНДАРЕНКО, Б.ОТАРБАЕВ.

“Егемен Қазақстан” Республикалық газеті" ААҚ, 2006